



EAST
KAZAKHSTAN
TECHNICAL
UNIVERSITY

Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ ДАЙДЖЕСТ

«Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің
2026 жылдың 1-тоқсанындағы жетістіктері мен оқиғалары»



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДА АЛҒАШ РЕТ HORIZON EUROPE ЖОБАСЫНА ҚАТЫСУШЫ АТАНДЫ

ШҚТУ Қазақстан жоғары оқу орындары арасында алғаш рет Horizon Europe бағдарламасының конкурстық іріктеуінен өтіп, жеңімпаз атанды. Бұл — Еуропалық Одақтың ең ірі әрі бәсекеге қабілетті ғылыми-зерттеу және инновациялық бағдарламасы.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ МЕН UCL ЕУРАЗИЯНЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІН ЗЕРТТЕУДЕ КҮШ БІРІКТІРЕДІ

Лондонда Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті мен Археология институты University College London арасында өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды.

Құжатқа ШҚТУ ректоры Сауле Рахметуллина және UCL Археология институтының директоры Кевин Макдональд қол қойды

[Толығырақ](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ BETT UK 2026 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСУДА

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті Лондонда (Ұлыбритания) өтіп жатқан Bett UK 2026 халықаралық көрмесіне қатысуда. Бұл көрме білім беру технологиялары саласындағы әлемдегі ең ірі халықаралық платформалардың бірі болып табылады.

[Толығырақ](#)



ҚАЗАҚСТАН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ РЕЙТИНГІ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАРИЯЛАНДЫ

ШҚТУ ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» жүргізген жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары рейтингінде тағы да көшбасшы орындарды иеленді.

Рейтингке бакалавриаттың 26 білім беру бағдарламасы қатысты. Оның ішінде 16 білім беру бағдарламасы еліміз бойынша үздік ТОП-5 қатарына еніп, бұл жалпы бағдарламалар санының 61,5 %-ын құрады.

[Толығырақ](#)



ҚР ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ БҰҚТҰҒҰТОВ ШӘКӨРІМ САБЫРҰЛЫНЫҢ ШҚТУ-ҒА САПАРЫ

Сапар аясында жас ғалымдармен еркін форматтағы кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында олар өздерінің ғылыми зерттеулері, жаңа идеялары мен өзіндік таныстырды. Пікір алмасу мазмұнды әрі іскерлік сипатта өтті.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ-ДЫҢ 29 ОҚЫТУШЫСЫ IPER/IPLEER ENTER NETWORK ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТІЗІЛІМІНЕ ЕНДІ

ШҚТУ базасында International Professional Educator Registry (iPER/iPEER) қатысушыларын марапаттау рәсімі ENTER Network Президенті José Carlos Quadrado қатысуымен өтті. Іс-шара аясында ШҚТУ-дың 29 оқытушысы Global Standards for Professional Educators ENTER Register талаптарын орындағанын растайтын сертификаттар мен төсбелгілер алып, Engineering, Arts and Humanities, сондай-ақ Business, Administration and Law бағыттары бойынша iPER/iPEER тізіліміне енгізілді.

[Толығырақ](#)



Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ VIPUSKNIK.KZ – 2026 БІЛІМ БЕРУ КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті Абай облысы, Семей қаласында өткен «Virusknik.kz – 2026» республикалық білім беру көрмесіне қатысты.

[Толығырақ](#)



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» БАСТАМАСЫ АЯСЫНДА УНИВЕРСИТЕТТЕ ПЛАСТИКТИ БӨЛЕК ЖИНАУ ЖҮЙЕСІ КЕҢЕЙТІЛДІ

Республикалық экологиялық «Таза Қазақстан» бастамасы, сондай-ақ Green Campus және ReStart жобалары аясында университетте пластик ыдыстарды жинауға арналған қосымша қабылдау нүктесі орнатылды.

[Толығырақ](#)



Erasmus+

Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШҚТУ СТУДЕНТТЕРІ ERASMUS+ АЛМАСУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СТИПЕНДИАТТАРЫ АТАНДЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің студенттері Erasmus+ халықаралық алмасу бағдарламасының стипендиаттары атанып, осы бағдарлама аясында Бранденбург техникалық университеті Котбус-Зенфтенбергте (Германия) білім алатын болады.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ СТУДЕНТТЕРІ ШИХЭЦЗЫ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ОҚУЫН СӘТТИ АЯҚТАДЫ!

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің студенттері Қытай Халық Республикасындағы серіктес жоғары оқу орны — Шихэцзы университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында оқуын сәтті аяқтады. Оқу кезеңі студенттер үшін маңызды академиялық және мәдени тәжірибе болды.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ ТҮЛЕГІ - ӘЛЕМНІҢ ЖЕТІ ШЫҒЫН БАҒЫНДЫРДЫ!

Біз университетіміздің, Бизнес мектебінің түлегі Анар Бурашеваны шын жүректен құттықтаймыз. Ол Қазақстан тарихында және Орталық Азияда барлық құрлықтың ең биік жеті шыңын бағындырған тұңғыш әйел атанып, әйгілі Seven Summits альпинистік бағдарламасын толық орындады.

[Толығырақ](#)



EKTU DEMO DAY 2026: СТАРТАПТАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ДАМУҒА АРНАЛҒАН УНИВЕРСИТЕТТІК АЛАҢ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде студенттер арасында стартап-жобаларды дамытуға, инновациялық ойлау мен кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ауқымды EKTU Demo Day 2026 іс-шарасы өтті.

[Толығырақ](#)



ШҚТУ СТУДЕНТІ КЛАССИКАЛЫҚ ШАХМАТТАН ШҚО ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің студенті, 24-ГТҚ-1 тобының білім алушысы Сайлапкерев Санжар 20 жасқа дейінгі жастар арасында классикалық шахматтан Шығыс Қазақстан облысының чемпионы атанды.

[Толығырақ](#)



ГАЛА-КОНЦЕРТ «БІРІНШІ КУРС ТАЛАНТТАРЫ – 2025»

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің акт залында студенттік өмірдің ең жарқын әрі көптен күткен іс-шараларының бірі - «Бірінші курс таланттары - 2025» байқауының гала-концерті өтті. Үш конкурс күні бойы бірінші курс студенттері вокал, хореография, әзіл және оригиналды жанрлар бойынша өз өнерлерін көрсетті. Іріктеу кезеңдерінің қорытындысы бойынша ең үздік нөмірлер гала-концертте ұсынылып, қатысушылар байқаудың құрметті марапаттары мен басты атағы үшін бақ сынады.

[Толығырақ](#)



АЛТАЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРЫ «АҚЫЛДЫ AWARDS 2026» СЫЙЛЫҒЫНА ҮМІТКЕР АТАНДЫ

«Ақылды AWARDS» сыйлығы алғаш рет 2019 жылы өткізілген және Шығыс Қазақстан облысындағы «Алтын белгі» иегерлеріне үміткер мектеп түлектерін қолдауға бағытталған өңірлік білім беру жобасы болып табылады. Жобаның негізгі мақсаты — зияткерлік, креативтік және жобалық бағыттарда жоғары нәтижелер көрсеткен оқушыларды ынталандыру.

[Толығырақ](#)